

## Орталық паркке Қ. Жүсіповтің атағын беру туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігі Шетпе селосы әкімі аппаратының 2009 жылғы 28 сәуірдегі N 277 шешімі. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 сәуірде N 11-5-76 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңына, Шетпе ауылындағы Орталық паркке Қ.Жүсіповтің атағын беру туралы ауыл тұрғындарының және аудандық ардагерлер кеңесінің ұсынысын қарап, Шетпе ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 487 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шетпе ауылындағы Орталық паркке Жүсіпов Қыдырбайдың атағы берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 487 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күн тізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Село әкімі*

*М.Мүтәллапов*